

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.31-33

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

*Серікжан Опахай*

Қазіргі таңда көптеген университеттерде қолданылып отырған кредиттік технологияға сәйкес оқу процесі барысында аудиториялық сағаттардың саны азайып, студенттердің өздік жұмыстарының (СӨЖ) саны артуда. Осыған байланысты СӨЖ жұмыстарын ұйымдастыру және методикалық қамтамасыз ету маңызды болып отыр [1].

Жоғарғы мектептің орта мамандандырылған мектептерден басты айырмашылығы оқу жұмысының методикасы және білім алушылардың өз беттерімен жұмыс жасай алу қабілеттілік дәрежесінің жоғарылығымен сипатталады. СӨЖ жұмысының басты ерекшелігі барлық тақырыптар бойынша тапсырмаларды қамтиды. Сонымен қатар СӨЖ жұмысының тәрбиелік мәні бар, мысалы: Студент өз бетімен жұмыс істеу барысында тек өзіндік дағдыларды ғана бойына сіңіріп қана қоймай болашақта жаһандану заманына қажетті жоғары кәсіби маманның өзіндік мінез-құлқын қалыптастырады. СӨЖ жұмысының тиімділігі студент университет қабырғасында оқу барысында оқу жұмысының кешенді әрі сапалы ұйымдастыру кезінде байқалады [2].

Студенттің өз бетімен жұмыс істеу барысында, танымдық міндеттерге көңіл бөлуге, олардың қалай шешу керектігін ойлануға, алға қойылған міндеттердің дұрыс екендігіне бақылау жасауға, теориялық білімді жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыруға үйрену керек. СӨЖ дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру саналы және интуитивті түрде орын алады. Жоғарыда аталған дағдыларға сәйкес СӨЖ оқытушының басшылығымен іскерлік-ынтымақтастық түрде жүзеге асады, мұнда: студент СӨЖ жұмыстарын орындау және ұйымдастыру тарапынан оқытушыдан тікелей рұқсат алады, ал оқытушы студентке берілген тапсырмаларды тіркеу, бақылау жасау және қателерді тексеру сияқты қызметтерді атқарады. Студент кез-келген түрдегі өздік жұмысын орындау үшін келесі кезеңдерден өту керек:

- Өзіндік жұмысты анықтау;
- Танымдық тапсырмаларды (мәселелік және практикалық) нақтылау;
- Өзіндік жұмыстың таңдалып алынған және қойылған мәселелеріне сәйкес өзіндік бағалау;
- Алға қойылған басты мәселені шешу үшін барабарлық іс-әрекетті таңдау (оны шешу жолдары мен құралдарын таңдау);

- Мәселені шешу бойынша өзіндік жұмыстарды жоспарлау;
- Өздік жұмыс бағдарламасын орындау мүмкіндігін іске асыру;
- Басқару актілерін өзіндік жұмыстарын орындау кезінде жүзеге асыру: өздік жұмысының орындалуына бақылау жасау; аралық және қорытынды бақылау жұмысы кезінде өз-өзіне бақылау жасау; өздік жұмыстарды орындау барысында және орындағаннан кейін жіберілетін кателіктерге бақылау жасау [3].

СӨЖ жұмысының нәтижелі болуы семестр бойы тапсырмалардың қалай бөлінуі және оған қаншалықты тиімді бақылау жасалғанына байланысты. Жұмыстарды барлық семестр бойынша реттілікпен және белгілі уақытпен бөлу керек. Бақылаудың тиімді әдістерінің бірі тест әдісі болып табылады. Оның тиімділігі оқытушының уақытын үнемдейді, білім мен біліктілік деңгейін жоғары дәлдікпен анықтайды, оқу үдерісін дараландырады. Оқу үдерісін кешенді әдістемелік қамтамасыз ету СӨЖ жұмыстарының тиімділігін арттыруда маңызды болып табылады. Бұл студентті оқу процесіне тең қатысушысы болып табылатын мәселелік оқытуды қамтамасыз етеді. СӨЖ тиімділігін арттырудың тағы бір жолы белсенді бақылау әдістердің болуына байланысты. Сондай-ақ соңғы кездері бақылаудың кең таралған түрлерінің бірі рейтингтік жүйе болып табылады. Ол семестр кезінде студенттің толық жұмысына қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру арқылы студенттердің танымдық қызметін іске қосады. Студенттердің өздік жұмыстарын сапалы орындауына қажетті оқу-әдістемелік кешендер мен әдебиеттермен қамтамасыз етілуі әрбір оқытушы үшін назар аударатын мәселе. Аталған мәселе тиімді шешілуі үшін кафедра, факультет тіпті университет деңгейінде барлық маманықдар бойынша студенттердің өздік жұмыстарын орындауға қажетті оқу-әдістемелік кешендер және әдістемелік нұсқаулықтармен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Оқу-әдістемелік кешендер мен әдістемелік нұсқаулықтардың жүйелі әрі нормативті құжаттраға сәйкес сапалы жазылуы университеттің сараптама кеңесі тарапынан үнемі бақылауда болғаны жөн. Жалпы алғанда студенттердің өздік жұмыстарының орындалуының түпнегізі – семестр бойы пәнді жүйелі түрде зерттеу, алған білімдері мен дағдыларын тереңдетіп меңгеру және бекіту, келесі семестрдің сабақтарына ұқыпты дайындалу, ой еңбегі мәдениетін қалыптастыру және жаңа білімдерді іздеу мен игеруге өзін бағыттау болып табылады [4].

Көбінесе сабақ басталған кезде студенттердің білім алуына, алғашқы іс-әрекеттері мен дағдыларының қалыптасуына бағытталған репродуктивті түрдегі тапсырмалар қолданылады. Репродуктивті іс-әрекеттің ерекшелігі студенттердің әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасау, жаза білу, тезис құру, көңіл аудару білу сияқты дағдыларды әртүрлі деңгейде қалыптастыру үшін практикалық іс-әрекеттерді бірнеше рет қайталау жаттығулары болып табылады. Семинарлық және лаборатория-практикалық сабақтарға дайындалу кезінде оқытудың активті және интенсивті әдістері (дидактикалық ойындар, ситуациялық есептер, миға шабуыл, дөңгелек үстел, конференция т.б) қолданылады, бұл кезде іс-әрекет продуктивті (шығармашылық)

қасиетке ие болады. Нақты пәндерді оқыту кезінде көбінесе проблемалық оқыту түріне жататын курстық жобалау әдісін қолданады. Нәтижесінде болашақ мамандықтың сферасымен байланысты әртүрлі деңгейдегі есептер мен тапсырмалар шешіледі. Студенттің өздік жұмысын сапалы әрі уақытында орындап тапсыруы оның ізденушілік-зерттеушілік қабілетінің қалыптасуына жол ашады. Бұл әрі қарай ғылым саласында жұмыс жасайтын студенттердің дұрыс көзқарасын қалыптастыру, талдау жасай білу, жүйелі ойлану дағдыларын қалыптастыруда үлкен роль атқарады. Болон декларациясының өзектілігі студенттердің өз бетімен жұмыс жасауына көбірек мүмкіндік беретіндіктен университет қабырғасында студенттердің өздік жұмыстарын орындауына көбірек уақыт беру, өз бетімен шешім қабылдай алу қасиетіне тәрбиелеу маңызды болып табылады. Бұл жерде оқытушының негізгі ролі студенттерге кеңес беру, өздік жұмыстарын орындауға бағыт-бағдар беру болады [5].

### Әдебиеттер тізімі

1. Зацепина, О.В. Технология организации самостоятельной работы будущих педагогов профессионального обучения / О.В. Зацепина, Г.В. Лаврентьев, Н.Б. Лаврентьева : монография. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2008. – 222 с.
2. Sormunen, Eero, Tanni, Mikko, Heinström, Jannica. Student's engagement in collaborative knowledge construction in group assignments for information literacy// 8<sup>th</sup> International Conference on Conceptions of Library and Information Science// Volume: 18, Issue: 3, Article number:C40–Copenhagen, Denmark. Aug 19-22, 2013 (*WebofScience*)
3. Медведенко, Н. В. Совершенствование контроля знаний и учета успеваемости студентов в контексте Болонского процесса / Н.В. Медведенко, С.Ю. Рубцова // Высшее образование сегодня. – 2008. – № 3. – С. 93-96.
4. Перевощикова, Е. Н. Рейтинговая система оценивания деятельности студентов как средство управления качеством образовательного процесса по специальности / Е. Н.Перевощикова, А. И. Голубева // Инновации в образовании. – 2007. – № 12. – С. 65-72.
5. Григорян, В.Г. Роль преподавателя в организации самостоятельной работы студентов / В.Г. Григорян, П.Г. Химич // Высшее образование в России. – 2009. – №11. – С. 108-114.